

Алдымда болды асыл ағаларым

Нұған Сағадиұлының (азан шақырып қойған аты Мақсұт) туғанына биыл 80 жыл толады. Ол 1922 жылы 17-шы тамызда қазіргі Костанай облысының Торғай ауданының 1-ші ауылында, дәлірек айтқанда сол ауылдың Шош-қакөл деген елді мекенінде дүниеге келді. Ақкөл, Шош-қакөл, Құмарал, жалпы айтқанда Збан, Саға өнірі біздің ата мекеніміз. Бұл арага біздің ата-бабаларымыз қай уақытта келгені белгісіз. Кейбір деректерге сүйенсек, 19-шы ғасырдың 40-50-шы жылдары біздің бабаларымыз Торғай өзені бойында, Сарықопа көлінде, Тосын құмында, Әбілет көлінде, Қазанбас алқабында мекендейген екен, кейінірек Ақкөлге, Ақкүм, Збан, Саға бойына орналасқан.

Біз – Әлімбет руымыз. Арғын Аманжолдан Әлімбет, Бәйімбет, Шақшак болып үш ұл тарайды. Шақшактан атақты батыр, Абылай хан заманының жонғарға қарсы күрес туын көтерген даңқты қолбақылардың бірі тархан Жәнібек тарайды. Біз Әлімбет руынан тараймыз. 1843 жылғы Орынбор ведомствосының Шығыс, Орта және Батыс бөліктерінің қазақтары туралы ведомостіндегі деректер бойынша Әлімбет руы 310 шаңырактан тұрады екен, ал еркектер саны 1235 болыпты. Әрине, бұл үлкен көрсеткіш емес. Дегенмен,


Әлімбет руы шаңырақ және адамдар саны жағынан сол кездегі үлкен Кошқар, Бақай, Айдарке, Жауғашты, Шымболат, Өтей руларының қатарында болды. Нұғанның және менің шешем Қаламқас Бесқара Қырықмылтық руынан, жоғарыдағы деректер бойынша олардың құрамы 110 шаңырақ, 561 ерек адамнан тұрған (Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров. Қазақ шежіресі хакында. Алматы, 2000 ж., 306-307 беттер).

Деректерге жүгінсек біздің аталарымыз жаз жайлау, қыс қыстау ретінде үлкен бір аймақты алып жатса керек. Бір шеті Сырдария, екінші шеті Торғай өзені, Шошқакөл жайлауы арасында көшіп жүрген ел 19 ғасырдың 30-40 жылдарында қазак өлкесінің солтустік өніріне қоныстана бастаса керек. Ф.Щербинаның экспедициясының мәліметтері бойынша “первыми поселенцами на землях Аманкарагайской волости были казахи аргынских родов: Ермен, Алимбет и Кырыкмылтык, которые до конца 30-х годов XIX века кочевали между Аманкарагайским бором и рекою Сыр-Дарьей; и большинство из них определенных зимовых стойбищ не имело, а зимовали то на Сыр-Дарье (Теренкультата), то по речке Тургай, например на урочище Шошкакуль, а иногда проводили зиму в Аманкарайгайском бору, смотря по состоянию кормов и погоды”. (*Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные эксп*-

дицией по исследованию степных областей. Турагайская область, т. V Кустанайский уезд. Воронеж, 1903, стр. 40).

Аманқарағай мен Ақкөл, Шошқакөл арасы 600-650 шақырымдай жер. Осындағай сайын дала-да көшіп жүрген біздің рудың негізгі тұрақты мекен еткен жерлерінің бірі Ақкөл, Торғай уезінің 1-ші ауылы болса, екіншісі Костанай уезінің Аманқарағай болысының II-ауылы Қоянды-ағаш болды. Қазіргі уақыттарда да біздің руластарымыз, туыстарымыз осы екі төңіректе де тұрып жатыр.

Ата-бабаларымыздың ең көбірек уақыт тұрған мекені Ақкөл маңайы, 1-ші ауыл болса керек. Алматыда университетте оқып жүргенімде елге барғаным бар, сонда Жақып бапам (әкемнің немере інісі) біздің ата қорымызды көрсетіп еді, байқасам өз әкемнен бұрынғы жеті атам да сол Ақкөлдегі үлкен корымға жерленген екен. Сол жылдары қебінің басында үш қырлы, ұзындығы 60-70 см мәнерлеп жасалған бастарына қойылған көктастары бар еді. Кейін, жылдар өте сол қорымға қайта барғанымда бұрынғы құлпытастардың көпшілігін таба алмадым. Ол жер құмды, желді мекен еді, көп ескерткіштерді басып кеткенге ұқсайды. Сол корымда жатқан жеті атамыздың есімдері, олардан тараған ұрпак төмендегідей. (12-бет. қараныз).



Жоғарыда көрсетілгендей менің әкем екі ағайынды болған – өзі және інісі Сәбит. Сәбиттен үрпақ жоқ, айту бойынша Әлімбет Соқырбай қажының қолында болған, бірақ дүниеден ерте өткен. Ф. Щербинаның қазақ даласына шыққан экспедициясының мәліметтері бойынша Соқыр-

бай Мадембаевтың (біздің ел ол кісіні құрметпен Соқан қажы деп атайдын) ауылы қазіргі Қостанай облысы Әулиекөл ауданындағы Коянды-ағашты мекен еткен. XIX ғасырдың сонында Соқан ауылы 21 шаңырақтан тұрған, 88 ер адам, 77 әйел болған. Осы ауылдың 406 жылқысы, 264 қара малы, 42 түйесі, 520 қойы, 220 ешкісі болған. Ауылдың 14 үйі 90 десятина жерге егін еккен, негізгі дақылдары тары, бидай, сұлы. Бұкіл ауыл болып шөп дайындаған (“Материалы по Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района. Кустанайский уезд”, Оренбург. Типография О. Яковleva, 1912 год, стр. 134-137).

Бұл мағлұматтарды келтіріп отырған себебім біріншіден осыдан бір ғасыр бұрынғы казак ауылының дәстүрлі шаруашылығы мен құрамын көрсету болса, екіншіден – осы Коянды-ағаш, Аманқарағай бұлар да біздің ата-бабаларымыз қоныстаған жер. Жері сулы, нұлы, орманды Коянды-ағаштың тұрғындарының тұрмысы жақсы болды, Совет үкіметі келіп, конфискелеу ісіне кіріскеnde осы ауылдың дені бай және кулактар атанды, сондықтан да біздің бай-кулак (“кулак” деген сөзден) Әлімбеттер дейді. Осы жерде ауыл аксақалы Соқыrbай қажының төңірегінде өкем Сағади да, інісі Сәбит те шаруа жасады. Біз бала кезімізде Торғай өнірінде өткізсек, өсіп, азамат

болған жеріміз осы Қоянды-ағаш, Аманқарағай, Әулиекөл. Жақын ағайындарымыз да осы өңірді бауыр басқан. Әке-шешеміздің көбірі де осы Қоянды-ағаш бауырында.

Біз әкеден бесеу, шешеден – алтаумыз. Шешем Қаламқастың алғашқы күйеуі Төрежан, одан бір ұл Ораз туады. Төрежан (барлық ағайын тәтем дейтін) өте қайратты, іскер кісі болса керек. Біздің Торғай, Ақкөлден кейде Қызыл-Орда арқылы, кейде Троицкий арқылы Самарқанд, Бұхара қалаларына сауда керуенін басқарып барыш жүрген, жазғытурым қар кете елден шыққан керуен күздің соңында, жерге қар түсердің алдында елге қайтушы еді деп қариялар айтып отыратын. Менің бабаларымның басына қойылған көктастар Самарқандта дайындалып, тәтем керуенімен алып келеді екен. Тәтем сері, ақындық пен музикаға жақындығы бар кісі болған. Домбыра тартып, үшқан қаздың үнін салғанда айнытпаушы еді деп шешем де, басқа да көз көргендер де айтып отыратын. Замандастарына шығарған өлеңдері әлі күнге дейін елдің аузында.

Тәтем дүниеден өткеннен кейін шешемді Төрежанның інісі, әменгері Сағадиға қосады. Сағадидан біз бесеуміз: Күлжан, Нұған, Күлсары, Мағрипа, Кенжеғали. Нұғанның жастық шағы Ақкөлде өтті. Ол жылдары елдің тұрмысы өте нашар еді. Халықты күйзелткен бірінен соң бірі болған дүрбелен жылдар. 1916 жылы қазақтан дүние

жүзілік соғысқа Ресей үшін солдат бермейміз де-
ген дұрбелең осы өнірде де қатты болды. Оның
артынан қиянаты мен қыншылығы мол Октябрь
төңкерісі, іле шала ауқатты елдің мал-мұлкін
тәркілеу науқаны басталды. 1929-1931 жылдардағы
үлкен аштық келді. Шешемнің айтуынша аштық-
тан көптеген ағайын қырылып қалыпты.

Бала кезіміз. 1946-1947 жылдары Шөптікөлде
тұрдық. Сол кезде біздің үйден онша алыс емес
жерлерде үлкен-үлкен үйлердің орны болатын:
кейбіреуі бұзылған, кейбіреуі бұзыла басталған,
ал енді кейбіреуінің үй-ішіндегі жиһазы да сақта-
лған. Баламыз, қызығып сол жиһаздардың
кейбіреуін үйге әкелгенімде шешемнің ұрысқаны
әлі есімде. “Балам, – деді шешем, – анау үйлер,
оның ішіндегі дүние-мұлік кеше ашаршылықтан
қырылған ағайындардікі. Олар иелеріне опа бер-
ген жоқ, бізге де опа бермейді. Ештесіне тиіспе!”

Ашаршылықпен қатар жаңа күшейіп келе жа-
тқан Кенес үкіметі де біздің елге құдікпен қарап,
жаман қырына алды. Біздің ел Алаш-Орда азат-
тық қозғалысының негізгі орталығының бірі бол-
ды, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ах-
мет Бірімжанов, Кәрім Тоқтабаев, тағы басқа қазак
зиялыштарының көрнекті өкілдері, Алаш партия-
сының көсемдері де біздің Торғайдың түлектері
еді. Осыдан болар алашордашылардың мекені де-
ген атак біздің елге тағылды және ұзак уақыт
алынбады. Үкіметтің қырына түскен елдің шару-

асы қашан онуышы еді, оның үстіне бас көтерер азаматтары атылып, айдалып, жер аударылып кетті. Артында қалғандардың ел тұрмысын түзеуге шамалары келмеді.

Ауылдың тұрмысы әр ағайынның қолындағы шағын ғана малымен аздаған егініне байланысты еді. Бала кезімде көргенім, Збанның бойында ойды-ойдым қарасулар көп болатын. Өзендер де баршылық еді. Жергілікті халық сол сулардан шығыр айdap, егістікке су салып, тары еgetіn. Кейін байқасам, елдің ашаршылықтан қырылып қалмай көбінің жан сактағаны аздаған малымен қатар осы тары екен. Тары егудің дәстүрін, оған су апару ретін (тары суды өте көп керек ететін дақыл) халық жақсы игеріп алған сияқты.

Біздің елге келген егіншілік кәсібінің де сынарлы тарихы бар. Қазактарды егіншілікке, отырықшылыққа көшіруге патша үкіметі қарсы болғаны баршама мәлім. Патша шенеунігінің өскери губернатор Сухтеленнің атына жазған хатында: “мен қыргыздардың мәңгілік бакташы, көшпенді болғанын, еш уақытта астық себумен және қол өнермен айналыспауын, ғылымды білмеуін шын көнілден тілеймін” деген екен. Бұл тек қана жеке шенеуніктің емес, барлық патшалық Ресейдің қазактар туралы жымысқы саясаты еді. Оның негізінде қазактардың Ресейге бағыныштылығын арттыру, оларға астық қажет болғанда Ресейге жалынуға мәжбүр ету жататын.

Дегенмен астықтың өте тапшылығына байланысты әр жерде отырған қазақтар егіншілік кәсібін игере бастады. Біздің өңірді алатын болсақ, егіншіліктің даму кезеңі Кенесары бастаған үлтазаттық қозғалыстың Торғай мен Ырғыз өңіріне аудысуна байланысты. Сібір үкіметі, Омбы губернаторы жазалаушы өскерді бірінен кейін бірін жіберіп Көкшетау, Ақмола, Ұлытау, Баянауыл, Қарқаралы округтерінен тыныш қоныс таба алмаған Кенесары барлық өзіне қарасты елмен 1838 жылдың күзінде Торғай мен Ырғыз өңіріне аудыды. Біраз жыл хан Кене бастаған қозғалыс осы өңірде дамиды. Патша үкіметімен уақытша келісімге келіп, Кенесарының сәл-пәл тыныштыққа өмір сурген кезі де осы тұс болды. Солай бола тұрса да халық азық тапшылығынан қатты күйзелді. Көтерішілерді қалжырату мақсатымен шекара маңындағы орыстарға астық сатуға тиым салынды. Коқан мен Хиуадан да астық сатып алу да күрт қындал кетті.

Міне осындай қын заманда көтерішілерге дәнді дақыл өсіру әдісі ауадай қажет болды. Ел қамын жақсы түсінген хан Кене қарамағындағы елді егіншілікке үгіттеді, тек үгіттеп қойған жок, онымен айналасқан руларға барынша көмектесті. Атақты тарихшы Ермахан Бекмахановтың мағлұматы бойынша “тек қана Ырғыз бен Торғай ауданында мыңға жуық тұтін (шанырак) егіншілікпен айналысты. Қазақтар суармалы егіншілікті жақ-

сы білді. Арық жүйесін шеберлікпен жүргізіп, егістікті суаруды тиімді орналастырды. Мысалы, Жыланшық пен Торғай өзендерінің арасындағы көлдерді арналар арқылы қосып, егіншілікті суаруға пайдаланды” (Хан Кене. Алматы. Жалын, 1993 ж., 376-380 беттер).

Сөйтіп, XIX ғасырдың 40-50 жылдарында басталған Торғай, Ақкөл өніріндегі егіншілік кәсібі XX ғасырдың 50-шы жылына дейін сакталды. Мен бала кезімде талай рет шығыр айдадым, өте бітік шығатын тарыны көзіммен көрдім. Қырманның тойы өте бір қуанышпен өткізетін халықтың мерекесі болатын. Сондықтан да мал мен қатар егіншілік кәсібі елдің амандығын сактады десек артық болмас. Ал енді бұғынгі күнге келсек сол ұтымды дәстүр, егіншілік дәстүрі, тегін суды пайдаланып бітік тары өсіру кәсібі мұлде ұмыт болған. Жергілікті халық алыстан бидай, үн тасып әуре. Малы азайған, егіншілігі ұмытылған, басқа істер кәсібі жок ел бұл күндері өбден күйзелген, ауыр тұрмысты басынан кешіріп отыр. Ішкі аудандарға қарай, негізгі кәсібі егіншілік аймақтарға қарай Торғай, Ақкөл өнірінен көшіп жатқан ел де аз емес. Тұбі халқымыздың рухани көсемі, данышпаны Ахмет Байтұрсыновтың туған жері, біздің де ата мекеніміз иесіз қала ма деген қауіп бар.

Нұған осындағы өнірде өсті. Оның әке-шешесінің де дәстүрлі кәсібі мал бағу, шығыр айдаған тары егу, малына шөп дайындау болды. Нұған да

жасынан қазақ ауылының дәстүрлі шаруашылығының бәріне араласты, бәрін де басынан өткізді. Мал бақты, егін екті, шөп шапты. Тұрмыстың ауырлығынан дұрыс оқу да оқи алмады. Тек қана мектепте 4-сынып бітіріп, Ұлы Отан соғысы алдында өскерге алынды.

Әскерде табаны күректей бес жыл журді. Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысты, сауатты болғасын (көп болмаса да) және зеректігі ескеріліп, арнайы өскер құрамында қызмет етті. Қазір ол арнайы өскери құрамды “Смерш” деген атпен көпшілік біледі. Жаralы болды, жаудың атқан оғы мандайын жанап өтіп, өскери госпитальда емделіп, аман қалды.

Әскерден келгесін Торғай аудандық НКВД бөлімінде аға атқарушы болып қызмет істеді. Сол кездері мектептегі оқуын жалғастырды. Ол істеген мекеменің қызметкерлері бір жерде көп тұрақтамайтын. Сондықтан да көп ұзамай Қостанай облысының Семиозерный ауданына (қазіргі Әулиекөл ауданы) қызметке ауысты. Сол жерде мектепте сырттай оқуын жалғастырды, орта мектепті бітірді.

Келесі бір кезекте аталмыш облыстың Урицкий ауданына аудандық милиция бастығы болып тағайындалды. Сол жерде қазіргі жеңгеміз Бағизага үйленіп, үйлі-баранды болды.

Үлкен ұлы Бейбіт, одан кейінгі қызы Элия сол Урицкий өнірінде дүниеге келді. Келесі бір

кезекте Қостанай облысының Орджоникидзе ауданына милицияның аға қызметкері болып ауысты. Кім білсін, қызметінен кемшілік тапты ма, әйтеуір бұрынғы орнынан төмен жерге жіберді.

Сол жылдары жоғарғы білім алам деп талпынды. Мен мектепті 1955 жылы бітіріп өдім. Екі ағам – Ораз бен Нұған келісіп, өuletімізден бір адам болса да жоғары білім алсын деп мені Алматыға оқуға жіберді. Үлкен ағам Ораз (ол кісіні баршамыз бапа дейтінбіз) мектептің өзінде жөнді оқымаған, сауаты аз, дегенмен сол кездегі ауылдың атқамінері қызметін атқарып жүрді. Нұған, мен жоғарыда айтқандай, Семиозер ауданының милиция қызметінде еді. Екі ағамның да үй тұрмысы ауыр болды, дегенмен, менің Алматыда оқуыма жәрдемдерін аямады.

Мен 1960 жылы Қазақ мемлекеттік экономикалық факультетін бітірдім де сонда ассистент қызметіне тағайындалдым. Оку бітіруден екі айдай бұрын үйлендім. Нұған келіп өзінің шамашарқымен той жасап, үйімізге ептеғен жиһаздарды жинап беріп кетті.

Сол 1960 жылы, мен оку бітіріп Алматыда қызмет істей бастағаннан кейін, Нұған жоғары білім алуды ойластыра бастады. Келесі жылы сол университеттің заң факультетіне сырттай оқуға түсті. Тәтем өте зерек және сауатын көтеруге көп еңбектенетін. Орта мектепті дұрыс бітіре алмаганына қарамастан екі тілде – орысша, қазақша таза

сөйлейтін және қатесіз жазатын. Зан факультетінде жылына сессияға кейде бір, кейде екі рет келіп, 5,5 жыл оқыды. Және жақсы оқыды. Сол көп жылдардың ішінде бірде бір емтихан тапсыра алмаған, өлде басқаша сынектан өтпеген кездері болған жоқ.

Цацко Михаил деген өте жақсы досы болды, оқуға екеуі бірге тұскен, сессияға келгенде біздің үйде жатады, таңертеңнен қара кешке дейін тапжылмай кітап оқып, емтиханға дайындалғандарын көретінмін. Осындай табандылықтың арқасында екеуі де университетті ойдағыдай бітіріп шықты.

Оқу бітіргеннен кейін Науырзым, Ленин аудандарында аудандық соттың төрағасы болып істеді. Ең бір сүйсініп қоныс тепкен жері Науырзым ауданы, оның орталығы Докучаевка селосы болды. Осы жерде балалары өсті, үлкен баласы Бейбіттің отауын көтерді. Көптеген өзіне жақсы жолдастар тапты, елмен тығыз араласты.

Шешеміз Нұғанның қолында болды, мен Алматыдан бала-шағамды ертіп Науырзымға жыл сайын баратынмын. Барған сайын Нөкеңді қоршаған жолдастарын, жақсы бір өмір сүріп, бір біріне мәз-майрам болып жатқан ел азаматтарын көруші едім.

Нөкеңнің сол кездегі жақсы досының бірі Алин Койшыбай ағамыз болатын. Койшекең сол онірдегі Сүгірлердің ең сыйлы ақсақалы, сол елдің созін ұстаған биі десек те болады. Жаны барынша

жайдары, ағайын-тұстыққа берік, қолы ашық, жөн-жобаны жақсы білетін ағамыз еді. Кейін Қойшекеңмен мен де жасымыз алшақтығына қарамай дос болып кеттік. Бірге демалысқа бардық. Мен 1977 жылы Мәскеуде докторлық диссертация корғағанда Нөкең, жездем Каракенеұлы Хамит және Қойшекең үшеуі мені демеу үшін келді. Алдында Қойшекең төсек тартып ауырып жатқан, ағайындарының жол ұзак және ауыр ғой, көтере алмассың, бармай-ақ қой дегеніне болмапты. “Кенжеғалиды жақсы көремін, мынау бір оған сын сағатында қасында болайын” – деп, жүріп кетіпті. Мәскеуде менің ойдағыдай қорғағаным қуанып, 3-4 күн мәз-майрам болып жүрді. Сосын елдеріне кетті. Қойшекең Мәскеуден келгеннен кейін бір ай мерзімінде дүние салды. Достық парызын барынша өтеп кетті. Топырағы торқа болсын, жатқан жері жарық болсын.

Нөкеңнің тағы бір жақсы көрген досы Шахбутов Жанұзак. Ақсuatта бас бухгалтер, кейін Көкталда совхоз директоры болған осы бір азамат тәтемнің туған інісіндей болып кетті. Үзенгілес жүрді, бірін бірі қадірлеп, түсінісіп, сыйласып жүрді. Жакең де, оның бәйбішесі Ағльша біздің Әulet үшін өте бір аяулы, сыйлы адамдар.

Нөкеңнің Науырзым өнірінде тағы бір жақсы көретін інісі Закарин Әуезқан. Ру жағынан Нөкеңе бәрінен де жақын болды. Әуезқан ағамызбен мектептес болдық, ол менен бір сынып ілгері оқыды,

барынша алғыр, мектептегі үздік оқушылардың бірі болды. Бірақ қолында әке-шешесі болды, тұрмыс ауыр, оқуын әрі қарай жалғастыра алмады. Ауыл төңірегінде әртүрлі қызмет атқарды, қазір зейнеткер. Жасы үлкейе келе сол елдің сыйлы агаларының санатына қосылды. Нөкеңмен екі үйдің бірі болып тығыз аラласты, Нөкең әuletімен әлі де іргесі бірге.

Төтемнің басқа халық өкілдерінен де көптеген жолдастары болатын. Көктал совхозының сол кездегі директоры Иван Дорофеевич Зинченко, аудандық прокурор Юрий Трубин, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Дмитрий Арсентьевич Черноволов бәрі де Нөкенді қатты сыйлайтын, той-домалақтарда бірге жүретін.

Науырзымдай көнілді елдің әрқашан да ортасын толтыратын, жаны жайдары, мінезге бай, зор парасат иесі менің інім Сейдеғали Төрежанов еді. Ол Орекенің (біздің Нөкең екеуміздің ең үлкен ағамыз – Ораздың) тұңғышы. Мектепті менен екі жыл кейін бітірді, бірақ жоғары білім алуға кеш келді. Екеумізді бірдей оқытуға қаражат болмады. Кейін келіп университетке окуға тұсті, қолымда тұрып үйленді, университет бітірісімен осы Науырзым өніріне қызметке орналасты.

Барынша аққөңіл, ешкімнің көнілін жықпайтын, өзінің сыпайы мінезімен бүкіл жұрт құрметтеген Сейден көп жыл Нөкеңнің қасында болды. Малы да, жаны да бірге аラласты, өсті. Өкінішке

орай Сейденнің ғұмыры ұзак болмады, жасында көп ауырып дүниеден өтті.

Казір сол Науырзымда Нұған мен Сейденнің балалары тұрады, немерелері өсіп жатыр. Олар үшін қасиетті Науырзым ата мекен болып кетті. Жоғарыда айтылған Нөкеңнің достарының өздері ұрпақтарымен осы жерде тұрып жатыр. Нұған 1985 жылы ұзак ауырып қайтыс болды. Марқұмның өсиеті бойынша көп жақсы жылдар өткізген жері, бала-шағасы өсіп азамат болған, ел ішінен көптеген достар тапқан өзінің сүйген қонысы Науырзымға әкеліп жерленді.

Менің екі ағам да – Орекең 63 жасында, Нұған – 62 жасында дүниеден ерте кетті. Ұлы Отан соғысында екеуі де басынан аяғына дейін болды, ашаршылық нәубәтін тартты, сол кездегі аш-жалаңаш, қын өмірді бастарынан кешті. Тек кейінгі бір 15-20 жылдың шамасында шаруалары түзеліп, балалары, біздер көмектесетін жағдайға келіп едік, ол қызықтарын дұрыс көре алмай кетті.

Орекеңнің де, Нұғанның да мінезі ауыр, байсалды кісілер еді. Жұрттың айтуынша екеуінің де мінезі шешем Қаламқасқа тартқан. Шешем 85 жасында дүние салды. Сол жасқа келгенше Қаламқас біреуге бір қатты сөз айтты, немесе балаларына қатты ұрысты дегенді естігенім де көргенім де жок. Өмір бойы ауыр енбектің жүгін арқалап журсе де, бірде бір қабағын шытпай дүниеден өтті.

Жоқтыққа, кедейшілікке, көптеген қыншылыққа нарадай төзімді кісі еді.

Әкем Сағади өте қайратты және мінезі тез кісі болатын. 1950 жылы менің 12 жасымда дүние салды. Бала кезіміз, соғыс уақыты, екі ағам әскерге кеткен. Өрекеңнің үй-басы, әкемнің өз балалары небірі 10-ан асқан сарауыз балалар мен әйелдер әкемнің қамқорлығында қалдық. Сол кездері әкем күндіз-тұні үйқы көрмей, бардан жоқ жасап, бізді асырап, зұлмат заманың қыншылығынан бізді жалғыз өзі аман алып шығып еді-ау.

Жолдастарына деген тазалығы, айтқан сөзіне беріктігі, қолынан келген көмегін аямайтындығы ерекше болатын. Әкемнің осы жақсы мінездері Нұғанға молынан дарыған.

Нұған екеуміздің арамыз 16 жас. Сондықтан да оның бала кездерін жақсы біле бермеймін. Тек өзім өсіп жан-жағымды тани бастаған кезден-ақ агаларымның жүріс-тұрысын, ой тағылымын аңғаратын болдым.

Бірінші олардың бойына біткен ар тазалығы, жан тазалығы еді. Екеуі де өмірінде ешкімнің ала жібін аттамады, дүние-қорлыққа салынбады. Өздерінің ұшы-қыры жоқ тынымсыз сибектерімен күн көрді. Жалпы заман да олардың уақытында қазіргідей емес тазалау болатын. Дегенмен сол кездің өзінде де екі жеп биге шыққандар кездесіп қалатын. Менің агаларым қолдарында ондай мүмкіндіктері бола тұрса да жемкорлыққа

бармады. Тек өздері ғана емес, жан тазалығына барлық балаларын үйретті. Олардың ұрпақтары, бүгінгі менің інілерім өз әкелеріндегі таза жандар.

Агаларымның екеуі де қайырымдылығы мол кісілер еді. Бапам (Ораз) атқа мініп жүргенде үйінде мүгедек, жетім жесірлер жүретін. Олардың тамағы, кейде ескі-құсқы киімдері де бапам мен жеңешемнің мойнында еді. Бір әuletтің үлкені бол Ораз бапам барлығымызға қамқор болды, асық-пай, жәйлап жүріп, бізге істейтін жақсылықтарын дабыра қылмай-ақ жасай беретін. Қоянды-агаш Әлімбеттерінің беделді аксақалы болды.

Нұғанның да ағайыншылығы, қайырымдылығы мол еді. Бірде кіші апам Мағрипа Қызыл-Ордада оқып жүріп күйеуге шығып, көп уақыт хабарсыз кетті. Нөкең мені ertіп Қызыл-Орда барды, күйеудің ауылын көп іздедік, әйтеуір таптық. Қарындасының аман-есендігін, үйлі-балалы болғанын көргесін тәтем сол сапардан көнілді қайтты.

Енді бірде Нұған Сағади шалдың, Төрежан атамның барлық ұрпағын ertіп (кемпір-шалдарын қоса) Торғайға, Аққөлге барды. Ондағы аталас ағайындарымыздың үлкені әкемнің немере інісі Ұбырайдың Мұраты 1979 жылы 80 жасында қайтыс болды. Бұл Нұрқан ақынның атақты “Қарға” поэмасының желісін айтып берген Мұрат аксақал еді. Жас күнінде ойнап жүргенде қайнап тұрған қазанға түсіп кетіп бір аяғы тартылып, шор болып қалған.

Поэманың басындағы:

“Карт Мұрат шарт жүгініп бір тізесін,
Келтіріп кестесімен сөз жүйесін,
Бір топта тамсандырып айтып өтті
Карғаның бір ғажайып әңгімесін”

деген жолдар Мұрат ағамның көзі ашық, тілі орамды кісі болғанын толығымен анғартады.

Сол Мұкең дүние салды, бас көтеретін балалары да аз болатын. Осыны ескеріп тәтем (Нұған) жоғарыда айтқандай баршамызды Ақкөлге апарып, Мұкеңнің басына ол жерде табыла бермейтін қызыл кірпіштен там салғызды.

Алыс-жақын ағайындарына осындай қамқоршылығын талай рет жасады. Нұғанның тағы бір ерекшелігі өте балажан еді. Бағиза жеңгеміз бес ұл, үш қыз туды. Шүкіршілік, бәрі де аман-есен азамат болып өсті. Көзі тірісінде Нөкең немерелерін Талғат пен Ардакты көрді. Талғат қазір отау иесі, Нөкеңнің шөбересін өсіріп жатыр. Ағамыз да, жеңгеміз де балаларын жақсы тәрбиеледі. Бір атаның баласы іргесі бөлінбей, бірін-бірі тыңдал, біріне-бірі көмектесіп, әлі күнге дейін тұтас бір ауыл болып тұрады. Ораз бапамның балалары да сондай. Біз әuletімізben бұны мактандыш етеміз. Тәтемнің бес ұлы да отау котерді. Ал үлкен ұлы Бейбіт өз баласын үйлендіріп, немерелері болып отыр. Екі сөзінің бірінде тәтем үрпағым аман болсын, өссін деп отыратын еді. Міне, дүниеден өткелі 18 жыл болды, бірак

арты жақсы болды, үрпағы жапырақ жайып өсіп келе жатыр. Дүниеден өткен абзал атаның, әкенің арманы орындалды деген осы емес пе!

Осы жерде Нөкеңнің жұбайы Бағиза Тәттібайқызының да ерен еңбегін атап өтуіміз керек. Нөкеңнің тынымсыз еңбегінің қамқоршысы да, қолдаушысы да, тірегі де бола білді. Тәрбиелі ұл өсірді, қыз өсірді, шаңырақ астына ағайын-тыс, жолdas жораларын жинады. Сағадиевтар әuletін қара шаңырақ дәрежесіне жеткізді. Жалпы біз Нұған екеуміз бәйбішелерге аузымыз салымды болды. Жеңгеміз Бағиза Тәттібайқызы мен менін бәйбішем Нағытай Әбітайқызы біздің әuletтің бар шаруасын нар жүгіндей көтеріп жүр. Бала өсіру, өмірден өткендердің басын қарайту, жастарды үйлендіру, тұрмысқа беру, бізді қоршаған ағайындардың бітпейтін шаруалары тегісімен осылардың мойнында. Сондықтан да біздер құдай қосқан қосақтарымызға барынша ризамыз. Бұгінгі күні екеуі де ел құрметтеген нарқасқа бәйбіше.

Нұған Сағадиев Қостанай облысының құқық қорғау органдарына 35-40 жылдай қызмет істеді. Қостанайдың 6 ауданында милиция басшысы болып, немесе сот төрағасы болып қызмет істеген еken. Барлық жерлерде де қызметін үлкен жауаптылықпен атқарды. Аудан басшылары болсын Нөкеңе құрметпен қарайтын, оның адал еңбегіне жақсы баға беретін. Осылай құрметте-

гендерінің талай рет куәсі болдым. Соңдықтан да Қостанай өнірінің құқық қорғау органдарына ұзак жылдары еңбегі сіңген, ардагер зангер деп өзінің әріптестері соңғы жылдары жиі айтатын.

Міне, менің ағам Нұғанның өмірі осылай өтті. Ешкім өз заманын қалап ала алмайды, халықпен бірге сол заманын жақсысын да, жаманын да көресін. Тәтем өмір сүрген дәуір елге женіл болған жок, төңкерісі мен дүрбелеңі көп болды, қуғын-сүргін де аз болған жок. Бұрын соңды болмаған үлкен соғыс та осылардың еншісіне тиді. Қыншылығы мол заман болды. Бірақ қажыры мен қайраты, біліктілігі мен парасатының арқасында заманының аяқ астысы болмады, қатардағы азамат болып, еліне қызмет етті, үрпақ өсірді. Осының бәрі де Нұкеңе деген өмір сыйлаған ескерткіштер.

27 сәуір 2002 ж.